

Еңбек шартын жасамай жұмысқа тарту - заңсыз



2-БЕТ

Тәжірибе алмасу дәрігерлердің шеберлігін шындайды



6-БЕТ

«Сау дене. Азам ақыл. Адам көңіл»



8-БЕТ



ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№38 (3667)
24 мамыр 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ВАНДАЛИЗМ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ӘЛСІЗДІГІНІҢ КӨРСЕТКІШІ



Мәжіліс ел өміріне қажетті бірқатар заң жобасын халық қалаулыларының талқысына салды. Парламент мінберінде сарапқа салынған бұл құжаттардың қай-қайсысы да құқықтық әділдікті қалыпқа келтіруде аса өзекті.

(Соңы 3-бетте)

«КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!»



Журналистер Ақмола облысындағы заманауи технологиялармен жабдықталған мектептер мен білім кешендерін аралап қайтты.

Мемлекет болашағының баянды болуы, бірінші кезекте, ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына тікелей байланысты. Бұл орайда өңірдің бірқатар мектептері өзгеше үлгі боларлық тың жобаларымен, тәрбие мен тәлім берудің ерекше тәсілін қолдануымен жақсы танымал. Облыстың бірнеше елді мекеніндегі білім ордаларына ұйымдастырылған баспасөз туры аясында заманауи технологиялар мен тәрбиелеудің ерекше түрлерін қолданатын, жабдықталуы да өзгеше мектептер мен білім кешендерін аралап қайтудың сәті түсті.

Ең алдымен тілшілер Бурабай ауданындағы №7 мектеп-лицейіне арнайы атбасын тіреді. Оқу ордасының даму болашағы мен жалпы білім берудегі жаңашылдықтарымен танысты. Бүгінде бәсекеге қабілетті білім ошағының қол жеткізген жетістіктері аз емес. Мектептің кіре берісінен сезілетін жайлы атмосфера, тазалық пен тәртіп оқушылардың жайлы білім алуына мүмкіндік берген. Мұндайда, Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» – деп құшағын айқара ашып, адамзатты оқу-білімге шақырып тұрған болмысы еске түсетіндей.

Бірден көзге түскен бір ерекшелігі – үш қабатты мектептің әр қабаты 6 қанатты түрлі тақырыптарға сай жабдықталған. Әр ай сайын қанаттар тарих, ұлттық салт-дәстүр, «Наурыз» деген сияқты тақырыпта жаңартылып отырады екен. Ұлттық тәрбиеге баса мән берген мектепте ай сайын «Жауапкершілік», «Наурыз», «Құрмет» сияқты түрлі айлықтар ұйымдастырылады.

Мектеп директоры Дамир Сұрағановпен тілдесу барысында білім берудегі жоспарланған барлық шаралардан күтілетін нәтижені де аңғару қиын болмады.

(Соңы 5-бетте)

• ӘДІЛЕТ

«ПРОБЛЕМАЛЫ» АЛИМЕНТ 25 ПАЙЫЗҒА АЗАЙДЫ

ҚР Әділет министрлігі қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде биылғы жылдың 1 тоқсанында «проблемалы» алимент 25%-ға, ал борышкерлердің жалпы берешек сомасы 31%-ға азайды.



Өткен жылы алимент өндіру ісі бойынша 326 мың атқарушылық құжат қарастырылды. Оның ішінде 16 мыңнан астам құжат (20,6 млрд теңге) «проблемалы» деп танылды. Сонымен бірге, Әділет органдары борышкерлердің жалақысын аз қылып көрсету фактілерін анықтауға көмектесетін ақпараттық жүйенің базасын біріктіру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Прокуратура органдарымен бірлесіп борышкерлердің, оның ішінде электрондық әмияндар, төлем жүйелері және делдалдық шоттар сияқты қаржылық құралдардағы жасырын кірістерді анықтау бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Биыл Әділет министрлігінің қызметкерлері құқық қорғау органдарымен бірлесіп отырып, борышкерлерді анықтау мақсатында рейтинг іс-шараларды күшейтті. Рейдтер нәтижесінде 421 көлік арнайы тұраққа қойылып, 300 млн теңгеге жуық қаржы өндірілді. Бұл ретте уәкілетті орган ақпараттық жүйеде статистикалық деректердің бұрмалануына жол бермеу үшін сот орындаушылар әре-

кеттеріне (әрекетсіздігіне) бақылауды күшейтті. Өйткені, «проблемалы» істердің көп болуына сот орындаушылардың атқарушылық іс-шараларды дұрыс қолға алмауы, электрондық атқарушылық құжатқа мәліметтерді уақытылы енгізбеуі түрткі болып отыр.

Әділет министрлігі тарапынан жеке сот орындаушылар қызметіне егжей-тегжейлі мониторинг жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар заң бұзушылықтар анықталды. Бүгінгі күні жоғарыда аталған заң бұзушылық фактілері бойынша бірқатар жеке сот орындаушыны лицензиясынан айыру туралы шешім қарастырылуда. Ал биылғы жылдың басынан бері 4 жеке сот орындаушы лицензиясынан айырылды. Бақылау барысында құзырлы орган тек келіп түскен өтініштер немесе шағымдарды тексерумен шектелмейді, бұған қоса жоспарлы тексерулер жүргізуді қолға алмақ.

Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

